

КЕЛІСІЛДІ

«ҚТЖ-ЖТ» ЖШС «ЖТ Алматы бөлімшесі»
филиалының Алматы локомотив пайдалану
депосының өндіріс бастығының орынбасары

Искаков М.С.

2024 г.



ТАҢДАУ БОЙЫНША КОМПОНЕНТІ ПӘНДЕРІНІҢ КАТАЛОГЫ

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

7M07145 - ТЕМІР ЖОЛДАРДЫҢ ЖЫЛЖЫМАЛЫ ҚҰРАМЫ

Білім деңгейі: бейіндік магистратура

Оқу мерзімі: 1,5 жыл

Қабылдау жылы: 2024 ж.

Модуль	Цикл	Компо- нент	Пән атауы	Жалпы еңбек сыйымдылығы		Семестр	Оқыту нәтижел ері	Пәннің қысқаша мазмұны	Пре- реквизиты	Пост- реквизиты	Кафед- ра
				Ака- демиялық сағаттарда	Академиял ық кредиттарда						
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
3 модуль – Кәсіби құзыреттілі ктер	БП	TK1	Үнемді өндіріс	270	9	2	ОН1	Пән ұйымды басқару негіздерін үнемді өндіріс қағидаттары негізінде зерделейді: қызмет процесінде шығындардың барлық түрлерін азайту, мүмкін болатын ең аз уақыт ішінде мүмкін болатын максималды нәтижеге қол жеткізу, ресурстардың барлық түрлерін ұтымды пайдалану, ұйым қызметінің аспектілерін жетілдіру, қызметкерлерді технологиялық процестерге тарту; болашақ менеджерлерде қазіргі әлем үшін өзекті идеялармен байланысты үнемді ойлауды тұрақты даму және саналы тұтыну тұжырымдамаларын қалыптастыру.	Менеджмент, Темір жолдың заманауи жылжымалы құрамы, Көліктегі ресурсты және энергияны үнемдеу	МЭЗЖ, ҚА.	ЖҚ
		TK2	Көліктегі SMART технология сы				ОН1, ОН6	Теміржол көлігінде қолданылатын зияткерлік технологиялар қарастырылады және зерделенеді. Smart технологиялар базасында теміржол көлігі инфрақұрылымының қазіргі жай-күйі мен даму перспективаларының негізгі ұғымдары сипатталады. Компьютерлік технологияларды, бағдарламалық қамтамасыз етуді және жасанды интеллектті дамытуды ескере отырып, білім алушыларды таныстыру және теміржол көлігі инфрақұрылымы нысандарының пайдалану қауіпсіздігін арттыруды бағалау дағдыларын қалыптастыру. Оқытудың белсенді әдістері, миға шабуыл қолданылады.	Темір жолдың заманауи жылжымалы құрамы	МЭЗЖ, ҚА.	ЖҚ

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
3 модуль – Кәсіби құзыреттілі ктер	КП	ТК1	Вагон және локомотив шаруашыл ығы кәсіпорын дарын ұйымдаст ыру және басқару	270	9	1	ОН1, ОН4, ОН8	Нарық жағдайында көлік кәсіпорнының шаруашылық жүргізу нысандары мен әдістерін талдау; вагон және локомотив шаруашылықтары кәсіпорындарын ұйымдастыру, жоспарлау және басқару негіздері; кәсіпорындардың өндірістік құрылымы; өндірістік процесті ұйымдастыру қағидаттары; жоспарлаудың түрлері мен әдістері; кәсіпорынның өндірістік-коммерциялық қызметінің экономикалық көрсеткіштерін есептеу әдістері. Пән қабілеттілікті қалыптастырады: кәсіпорын қызметінің сандық және сапалық көрсеткіштерін есептеу; өндірістік процестерді жоспарлау, оңтайландыру және ұйымдастыру бойынша шешімдер қабылдау; техникалық құжаттаманы жасау.	Бакалавриат пәндері	МЭЗЖ, ҚА.	ЖҚ
		ТК2	Тәуекелдерді басқару				ОН1	Тәуекелдерді басқарудың жалпы мәселелерін зерделеу. Тәуекел факторларын жіктеудің әртүрлі тәсілдері, тәуекел түрлерінің сипаттамалары, тәуекелдерді басқару және бағалау әдістері, кәсіпорындағы тәуекелдерді басқару бағдарламаларын зерделеу және кәсіпорындағы тәуекелдерді басқару жүйесі қаралады. Пәнді оқу аясында көлік компанияларының жетекші топ-менеджерлері қонақ дәрістерін өткізеді, ситуациялық мәселелерді шешеді және талдайды.	Бакалавриат пәндері	МЭЗЖ, ҚА.	ТҚҰК II

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
3 модуль – Кәсіби құзыреттілі ктер	КП	ТК1	Көліктегі ресурсты және энергиян ы үнемдеу	180	6	1	ОН6, ОН7	Әртүрлі энергетикалық ресурстардың түрлері мен сипаттамаларын талдау; энергия үнемдеуді нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету; тасымалдау процесінің энергетикалық тиімділігін арттыру; жөндеу өндірісіндегі және теміржол көлігі инфрақұрылымы объектілерін пайдалану кезіндегі энергия үнемдеу технологиялары; энергия үнемдеуді ұйымдастыру және оны басқару әдістері. Пән келесі қабілеттерді қалыптастырады: нысанның энергия тұтыну құрылымына талдау жасау; ресурс және энергия үнемдеу қағидаттарына негізделген кәсіби қызмет саласында шешімдер қабылдау.	Бакалавриат пәндері	Жылжымалы құрамды техникалық пайдалану және сервистік қызмет көрсету, ЖЖМ инфрақұрылымы, Сенімділік теориясы және көліктегі сапаны басқару, Үнемді өндіріс, МЭЗЖ, ҚА.	ЖҚ
		ТК2	Жылжым алы құрамның өмірлік циклінің құнын бағалау				ОН6, ОН8	Инновациялық жобаларды жіктеу; темір жол көлігіндегі инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалау әдістері; жылжымалы құрамның өмірлік циклі және оның құнын есептеу; жылжымалы құрамды пайдаланудың техникалық-пайдалану көрсеткіштерін анықтау; локомотив және вагон шаруашылықтарында пайдалану шығыстарын есептеу; жеке шығыс ставкалары мен өзіндік құнын есептеу; өтелімділік мерзімі, таза кіріс, кірістіліктің ішкі үлесі; жаңа жылжымалы құрамды енгізуден пайдалы тиімділікті анықтау.	Бакалавриат пәндері	Сенімділік теориясы және көліктегі сапаны басқару, МЭЗЖ, ҚА.	ЖҚ

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
3 модуль – Кәсіби құзыреттілі ктер	КП	ТК1	Сенімділік теориясы және көліктегі сапаны басқару	180	6	2	ОН7, ОН8	Локомотивтер/вагондар үлгісіндегі күрделі техникалық жүйелердің сенімділігін талдау; жүйе ретінде жылжымалы құрамның сенімділігін айқындайтын сапалық және сандық көрсеткіштерді анықтау және бағалау; құрылымдық-логикалық талдауды және техникалық жүйелердің сенімділігін арттыру әдістерін қолдану; сенімділік туралы ақпаратты жинау және талдау әдістерін қолдану; сенімділікті қамтамасыз ету жөніндегі талаптардың мазмұнын талдау; теміржол көлігінде сапа менеджментінің әдіснамалық негіздерін қолдану; теміржол көлігіндегі өндірістік сапа көрсеткіштерін анықтау және бағалау.	Темір жолдардың заманауи жылжымалы құрамы, Көліктегі ресурсты және энергияны үнемдеу / Жылжымалы құрамның өмірлік циклінің құнын бағалау.	МЭЗЖ, ҚА.	ЖҚ
		ТК2	ЖЖМ жылжымалы құрамы				ОН5, ОН7	Пән заманауи жылжымалы құрам конструкциясын дамытудың әлемдік тұжырымдамаларын, жоғары жылдамдықты магистральдардың жылжымалы құрамын пайдаланудың қауіпсіздігі мен экологиялылығын зерделеуге мүмкіндік береді. Құру, құрастыру, пайдалану, диагностика жүргізу, резервтерді анықтау, жұмыстағы ақаулықтар мен кемшіліктердің себептерін анықтау, сондай-ақ оларды жою және жоғары жылдамдықты темір жолдардың қазіргі заманғы жылжымалы құрамын пайдалану тиімділігін арттыру бойынша шаралар қабылдау мәселелерінде дағдылар мен іскерліктерді қалыптастырады.	Темір жолдардың заманауи жылжымалы құрамы	МЭЗЖ, ҚА.	ЖҚ

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
3 модуль – Кәсіби құзыреттілі ктер	КП	ТК1	Жылжымалы құрамды техникалық пайдалану және сервистік қызмет көрсету	180	6	2	ОН4, ОН7, ОН8	Темір жол жылжымалы құрамына техникалық қызмет көрсетуді ұйымдастыруға қойылатын талаптарды талдау; локомотивтер мен вагондарға техникалық қызмет көрсету жүйесін қалыптастыру және жетілдіру; теміржол жылжымалы құрамын пайдалану кезінде қолданылатын ақпараттық технологиялар, басқарудың автоматтандырылған жүйелері және техникалық жай-күйін бақылаудың диагностикалық жүйелері. Пән келесідей қабілеттілікті қалыптастырады: жылжымалы құрамды техникалық пайдалануға және сервистік қызмет көрсетуге байланысты процестерді жоспарлау және ұйымдастыру; нұсқаулықтар мен басқа да техникалық құжаттаманы жасау.	Темір жолдардың заманауи жылжымалы құрамы, Көліктегі ресурсты және энергияны үнемдеу / Жылжымалы құрамның өмірлік циклінің құнын бағалау.	МЭЗЖ, ҚА.	ЖҚ
		ТК2	ЖЖМ инфрақұрылы мы				ОН5, ОН7	Пән жоғары жылдамдықты теміржол көлігі инфрақұрылымының нысандарын жобалау, салу, пайдалану және жөндеу саласында іргелі білім алуға мүмкіндік береді. Инфрақұрылым нысандарының қауіпсіздігін қамтамасыз етумен байланысты практикалық міндеттерді шешу дағдыларын меңгеруге мүмкіндік береді. Құрылыс конструкцияларын диагностикалау, сынау және зерттеу жүргізу, техникалық құжаттамаға сараптама жүргізу, жоғары жылдамдықты магистральдар инфрақұрылымы нысандарының жай-күйін қадағалау, бақылау мәселелерінде кәсіби құзыреттерді қалыптастыру.	Көліктегі ресурсты және энергияны үнемдеу.	МЭЗЖ, ҚА.	ЖҚ
Барлығы				1080	36						

"Жылжымалы құрам" кафедрасының меңгерушісі



Аширбаев Г.К.